



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 18-25 ақпан аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу


2022 жылғы 28 ақпан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 25 ақпанда теңгенің биржалық бағамы бір апта ішінде 7,1%-ға (428,32 теңгеден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 458,91 теңге деңгейінде қалыптасты. Дамушы нарықтар валюталарының серпіні Украина төңірегіндегі қақтығыстың ұшығуы аясында көбінесе теріс болды. Сейсенбі күні Ресей Федерациясы ДХР мен ЛХР-дың тәуелсіздігін мойындап, қарулы күштерді қолдануға рұқсат берді. Ресей Федерациясының арнайы әскери операция жүргізуі аясында тәуекел-сентименттің жаһандық төмендеуі және тәуекелдің туындауын болдырмау байқалады. Энергия тасымалдағыштарды жеткізудегі ықтимал іркілістерге қатысты дағдарыстың шиеленісуіне байланысты мұнай бағасын белгілеу рекордтық мөлшерге жетті. 2014 жылғы қыркүйектен бастап «қара алтынның» бағасы алғаш рет барреліне 100 АҚШ долларынан асып түсті. Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Оңтүстік Африка ранды** жаһандық тәуекел-сентиментінің төмендеуі аясында 0,2%-ға (15,13-тен 15,16-ға дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** Украинадағы дағдарыстың шиеленісуі және инфляциялық күтулердің өсуі аясында 0,2%-ға (5,14-тен 5,15-ке дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** геосаяси тәуекелдердің өршуі және ақпан айының ортасында инфляцияның күткеннен де жоғары болуы аясында 0,3%-ға (20,29-дан 20,35-ке дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** тәуекел дәрежесінің нашарлауы аясында 0,3%-ға (14327-ден 14364-ке дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** жеткізілімдердегі іркілістерге қатысты қауіптерге байланысты энергия тасымалдағыштар бағасының рекордтық өсуі аясында 0,8%-ға (74,66-дан 75,29-ға дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** Украина төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси шиеленіс пен инфляцияның өсуі аясында 1,2%-ға (13,66-дан 13,82-ге дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** арнайы әскери операцияның жүргізілуі, Ресейге қатысты санкциялық шектеулердің өсуі аясында 8,1%-ға (77,49-дан 83,75-ке дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



Дамушы елдердің валюта бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, % (2022 жылғы 18 Ақпан - 25 Ақпан аралағында)



Дамушы елдердің валюта бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, % (2022 жылдың басынан бастап 2022 жылғы 25 Ақпан аралағында)



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2022 жылғы 11 ақпан =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz